

ҚАЗЫҒҰРТ



ТЫНЫСЫ

Қоғамдық-саяси апталық

Газет 1935-жылдан шыға бастады

Эл. почта: Kazigurt_tinisi@mail.ru

№21 (8341) 15-мамыр, 2026-жыл

Ақорда

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ РЕЖЕП ТАЙИП ЕРДОҒАН ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ



Мәртебелі мейманды елорда әуежайынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қарсы алды. Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына

көшбасшысына арнап «Домбыра» композициясын орындады.

дейін Түркия Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты.

Түркия Президентінің келуіне орай трап алдында Құрмет карауылы ротасы сап түзеді.

Екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар Режеп Тайип Ердоған бастаған Түркия елінің ресми делегациясына «Ata yurda hoş geldiniz!» – «Атажұртқа қош келдіңіз!» деп екі тілде қошемет көрсетті.

Сол сәтте Түркия мен Қазақстан туларын желбіреткен тікұшақтар алаң үстімен ұшып өтті.

Әуежай терминалында жас өнерпаздар Түрік елінің



ҚҰРЫЛЫС ПЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА



Қазығұрт ауданының әкімі Азизхан Исмаилов жұмыс жоспарына сәйкес Қызылкия ауылдық округіне қарасты Айнагас елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункттің (ФАП) құрылыс жұмыстарының барысымен танысты. Нысанның сапалы әрі мерзімінде аяқталуы тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Аудан әкімі құрылыс жұмыстарының қарқыны мен сапасына мән беріп, жауапты мердігерлерге нақты тапсырмалар жүктеді.

Сондай-ақ, Қызылкия елді мекеніндегі Тоқтамисов және Актілек көшелерін жарықтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар да назардан тыс қалмады. Ауыл ішіндегі инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған бұл жоба тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар, аудан әкімі өндірістік парк құрылыс алаңында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйімен танысты. Жоба жүзеге асқан жағдайда ауданның өндірістік әлеуеті артып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және кәсіпкерліктің дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

“ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС”

Қазығұрт ауданында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналған «Ешкім де, ешнәрсә де ұмытылмақ емес» атты салтанатты шара өтті. Тағылым терең кеште ел қорғаған ерлердің ерлігі ұлықталып, бағыр бабалар рухына тағзым жасалды.

Мерекелік іс-шараға аудан әкімі Азизхан Исмаилов арнайы қатысып, аудан тұрғындарын мерекелем құттықтады.

– Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста жанқиярлықпен ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың қайсарлығы мен қаһармандығы – халқымыздың мәңгілік мақтанышы. Қазығұрт топырағынан түлеп ұшқан мыңдаған азамат майдан даласында ел мен жер үшін от кешті. Солардың ішінде Орта Азиядан шыққан тұңғыш генерал Сабыр Рақымов пен батыр Қарақозы Әбділиевтің есімі ел жадында алтын әріппен жазылды. Ал майданнан аман оралған ардагерлер мен тыл еңбеккерлері ел еңсесін тіктеп, өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Біз олардың алдында әрдайым тағзым етуге міндеттіміз, – деді аудан басшысы.

Салтанатты жиын барысында 1986 жылғы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың 40 жылдығына орай, апат салдарын жоюға қатысқан бірқатар азаматтар «Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою» және «Чернобыль ардагерінің ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Сонымен қатар, әскери қызметте жауынгерлік



және дене шынықтыру дайындығынан жоғары нәтиже көрсетіп, тәртібімен ерекшеленген сарбаздардың аналарына «Үздік жауынгердің анасы» медалі табысталды. Бұл – ұл тәрбиесіндегі ананың рөліне көрсетілген ерекше құрмет болды.

Шара барысында аудандық мәдениет сарайының өнерпаздары әсерлі концерттік бағдарлама ұсынып, патриоттық әндер шырқалып, ұлттық билер орындалды. Көрермендерге рух сыйлаған тағылымды қойылымдар елдік пен ерліктің мәнін терең ұғындырды.

Батырлардың ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің жанқияр еңбегі – бүгінгі бейбіт өмірдің берік негізі. Олардың есімі ел жадында мәңгі сақталып, ұрпақ насанында жаңғыра бермек.